

"Пайданылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы" Талас аудандық мәслихатының 2018 жылғы 23 қарашадағы №43-3 шешімінің күшін жою туралы

Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 2024 жылғы 13 наурыздағы № 17-7 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 18 наурызда № 5171-08 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 509 бабының 5 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7 – бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27 бабына сәйкес, Талас аудандық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы" Талас аудандық мәслихатының 2018 жылғы 23 қарашадағы №43-3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3989 болып тіркелген) шешімінің күші жойылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Талас аудандық
мәслихатының төрағасы*

К. Садубаев